



010000, Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 14
тел.: 8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

010000, город Астана, проспект Мәңгілік Ел, 14 тел.:
8 (7172) 71 28 68, факс: 8 (7172) 30 18 65
www.prokuror.gov.kz

15.11.2023 № 2-01-23-90669

28.09.2023ж. №Д-350

**«АМАНАТ» фракциясының
Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
Депутаттарына
(тізім бойынша)**

Бас прокуратура Сіздердің «АрселорМиттал Теміртау» АҚ «Қазақстан» шахтасындағы (бұдан әрі – «Қазақстан» шахтасы) апат фактісі бойынша қылмыстық істі тергеу барысы туралы хабардар ету бөлігіндегі сұрау салуларыңызды қарады.

17.08.2023ж. сағат 10:05-те «Қазақстан» шахтасындағы «Дб» қазбадағы көмір еңісінде (горизонт-170 м) конвейер таспасының өртенді.

Нәтижесінде 5 кенші қаза тапты (В.В.Слюньков, В.С.Бургун, Д.Г.Стешин, А.Р.Халиков, И.А.Старовойт), 13 кенші «көміртегі тотығымен улану» диагнозымен ауруханаға жатқызылды.

17.08.2023ж. ҚК-нің 277-бабының 3-бөлігі бойынша №233528031000350 сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталды. Іс бойынша процесс прокуроры тағайындалды.

Премьер-Министрдің 19.08.2023ж. өкімімен «Қазақстан» шахтасындағы топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеу және оның салдарын жою жөніндегі Үкіметтік комиссия құрылды.

Комиссия апат кезінде пайдаланылған техникалық құрылғылар мен жабдықтарға (таспалы конвейер, автоматты бақылау жүйесі, өзін-өзі құтқарғыштар, аудиожазбалар және т.б.) бірқатар арнайы сараптама жүргізді.

Тергеу қорытындысы бойынша жұмыс берушінің 100% кінәсі анықталып, жауапты тұлғалар тобы анықталды.

Болған оқиғаға қатысты құжаттар (таспалы конвейерді орнатуға және пайдалануға паспорт, конвейерлік көлік басқарудың формуляры, нарядтар, нұсқамалар кітаптары, лауазымдық нұсқаулықтар мен тағайындау туралы бұйрықтар) алынды, олар топтық жазатайым оқиғаның себептерін тергеу жөніндегі комиссияға берілді.

Комиссия мұндай жағдайлардың алынып алу үшін топтық жазатайым оқиғаның себептерін жою бойынша іс-шаралар әзірледі.

Іс бойынша жәбірленушілердің өкілдерінен, сондай-ақ 23 куәдан жауап алынды.

Ресей Федерациясында кеншілердің, оның ішінде қаза тапқандардың жеке қорғану құралдарына (өзін-өзі құтқарғыштар бойынша) зерттеу жүргізілді. Қорытындыға сәйкес, олар апат кезінде пайдаланылған және техникалық жағынан жарамды болған.

Сондай-ақ, сот-өрт-техникалық сараптаманың қорытындысына сәйкес (15.09.2023 жылғы №1757), өрттің туындауының ықтимал техникалық себебі конвейер жұмыс істеп тұрған кезде механикалық энергияның жылуға ауысуына байланысты жылу көзінен көмір шаңының (штыктың) тұтануы болып табылады (конвейер таспасының бекітілген бұғатталған роликтерге үйкелісі).

Бастапқыда конвейердің төменгі бөлігінде кептеліп қалған роликтерді қыздырудан көмір шаңы тұтанды, кейіннен конвейер роликтерді тазарту және профилактикалық жұмыстарды жүргізу үшін тоқтатылды, осы кезде конвейер таспасы өртеніп, үзілді, конвейердің төменгі бөлігіне ауаның еркін кіруінен көмір қабаттары өртенді.

Сот-медициналық сараптамалардың 21.09.2023 ж. қорытындысына сәйкес 6 адамның денсаулығына ауырлығы орташа және 3 адамға жеңіл зиян келтірілді, 8 адам амбулаториялық емдеуден өтуді жалғастыруда (СМС емдеу аяқталғаннан кейін тағайындалады).

08.11.2023ж. «Қазақстан» шахтасының 4 лауазымды адамына қатысты күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалып, санкцияланды.

Іс Бас прокуратураның бақылауында.

Б. Асыллов